Мектептің әлеуметтік жұмыстар комиссиясы жиналыстары өткізіліп ауданнан АСП тізімінде тұратын отбасылар балаларына берілетін көмектер беріліп тұрылды

ҚР халқы тілдері мерекесі, Қарттар күні және Мұғалімдер күні мерекелеріне орай,Отбасы апталықтары,Бала құқығы-адам құқығы апталықтарына орай сыныптарда практикалық тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылып,арнайы тәрбие сағаттары өткізілді.

1 – желтоқсан «Тұңғыш Президент күні» және 16-желтоқсан «ҚР Тәуелсіздік күні» мерекелеріне арнап мектепте апталық, декада өткізіліп, оларға барлық пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, штаттағы педагогтар жұмылдырылып алуан түрлі іс шаралар жоспарланды.

Оқушыларды Республикалық «Жас Ұлан» ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылданды.

Тәуелсіздіктің 32 жылдығына орай ұйымдастырылған тәрбие апталығы,ашық тәрбие сағаттары,сыныптан тыс патриоттық іс-шаралар,сынып сағаттары мен мерекелік іс-шараны тәрбие одағы мен сынып жетекшілері бірлесе жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізді.

Жаңа жыл мерекесі бастауыш сыныптар арасында, ортаңғы буындар арасында және жоғарғы буындар арасында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен сыныптарда өткізілді.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 30.12.2021 жылғы 06/5515 санды хаты негізіндегі Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылдың қаңтар айы ішінде аралас, көпэтносты оқушылар және олардың ата - аналарының қатысуымен өткізілетін мәдени - бұқаралық және спорттық іс-шаралар кестесіне сәйкес АҚБАСТАУ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІНде төмендегі іс - шаралар жүзеге асырылды :

1) 5-9 сыныптарда мини футболдан отбасылық спорт сайысы өткізілді

3)10 - 11 сынып оқушылары және олардың ата аналары мен мектеп кітапханасында " **БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ - ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰСТАНЫМЫ** " тақырыбында шығармашылық кеш ұйымдастырылып өткізілді.

Қаңтар,ақпан айларында отбасылық тәрбиеге байланысты іс шаралар өтіліп, әдептілік,экологиялық мәдениетке баулу,өнер мен құқыққа байланысты іс шараларды сынып жетекшілері мен Тәрбие одағы мүшелері бірлесіп өткізді

«Алғыс айту» күні мерекесі мен басталған наурыз айы «Аналар мерекесі» мен жалғасын тауып Наурыз мерекелері мен жалғасты.Арнайы тәрбие сағаттары өтіліп,сайыстар,мерекелік байқаулар өтті.Сәуірде Ғарышкерлер күніне арналған іс-шаралардан бастап,салт-дәстүрлер,әскери-патриоттық және халықтар достығына арналған тәрбие сағаттары,сайыстар,дебат,викторина,ойындар мен жалғасын тапты.

Көпмәдениетті көркем-эстетикалық тәрбие айлығы жарияланып,аталмыш бағытта бірталай іс-шаралар өтті. Мектебіміз көркемөнерпаздар Өнер фестиваліне қатысты.

Мамыр айы іс-шаралары «Қазақстан халқы бірлігі» күні мерекесі мен басталып,ҚР Қарулы күштері, Жеңіс мерекелері мен жалғасып, «Соңғы қоңырау» мерекесімен аяқталды. Аталмыш мерекелер қарсаңында апталықтар ұйымдастырылып,арнайы сынып сағаттары өтілді,сайыс,байқау,флешмоб,кездесулер өткізілді. Маусымдағы іс-шараларымыз жазғы лагерь демалушы-тәрбиеленушілері және олардың тәрбиешілері мен жалғасын тапты

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде әзірленген тәрбие жұмысының жоспары мектептің оқу-тәрбие жұмысы жоспарына кіріктіріліп жүзеге асырылып келеді.

ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы, ҚР ОАМ 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөнінде кешенді жоспары жасалынып бекітіліп, іс-шаралары мен жауапты тұлғалар бекітілген.

Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруды 1 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1 педагог- психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 аға тәлімгер, 1 педагог ұйымдастырушы, 1 қосымша білім беру педагогы жүзеге асырады.

Жоспардың орындалуы туралы ақпарат жоспарға сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының орындалуы - ұлттық, адами құндылықтарға негізделіп, тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиісті құндылықтар мен тәрбиенің мақсат, міндеттері айқындалған. Жоспарлы түрде жұмыс жүргізіліп, жылдық, айлық, апталық жоспарлар түзілген, дегенмен іс-шара жоспарлары, хаттамалар, анықтамалары т.б. толық жинақтауды қажет етеді.

Мектепте өткізілген іс-шаралар Facebook әлеуметтік желілеріне жариялану жүргізіліп отырды.

Тәрбие жұмысының Тұжырымдамасын толыққанды жүзеге асыру мақсатында аудандық білім бөлімінің 22.11.2024 жылғы хатына сәйкес аптаның дүйсенбі күні бірінші сабаққа сынып сағаттарын өткізу ұсынылған. Бірақ бұл мәселе толыққанды орындалмай келеді. «Bilim Class» электрондық журналында сынып сағаттары бойынша толтырылған тақырыптары, сынып жетекшілердің іс-шаралар жоспарындағы тақырыптарымен сәйкес келеді. Сынып жетекшінің сыныппен жүргізетін іс-шара жоспары: ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына

сәйкес іс-шаралар жоспары мен оның орындалуы жүйелі жинақталып салынған. Сонымен қатар кейбір сынып жетекшілерінің жылдық жоспарының іс-шара құжаттары талапқа сай.

Білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы негізінде әзірленген Ережеге сәйкес мектепшілік «Сынып жетекшілікті атқару» туралы бұйрықтары әзірленіп, сынып жетекшілеріне таныстырылған, бекітілген.

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы;
11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Біртұтастәрбиебағдарламасын» іске асыру туралы бұйрығы
12. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық. Алматы 2023
13. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы.
14. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы
15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

1. «Қазіргі жағдайда (заманауи) сынып сағаттарын ұйымдастыру» Әдістемелік ұсынымдар.– Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022 -116 б.
2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың тәртіп бұзушылығы кезінде әрекет ету алгоритмі – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 43 б.
3. Жол қозғалысының қауіпсіздік негіздерін оқыту бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 42 б.
4. Орта білім беру ұйымдарында жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 67 б
5. Темекі шегудің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 41 б.
6. «Орта білім беру ұйымдарында Республика күнін өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар» – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 30 б.
7. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау. –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. –111 с.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.
Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.
Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.
Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.
Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Арқан тартыс, Алтыбақан, Белдесу, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертифицикатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді. Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу.

2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысына талдау

Мектептің тәрбие жұмысының басты мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Сынып жетекшілерінің жұмысы бойынша:

- Профилактикалық жеке әңгімелер жүргізілді;
- Ата-аналар жиналысы өткізілді;

- Ата-аналар жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға көмектесті;
 - Тақырыптық сынып сағаттарын өткізілді;
 - Барлық сыныптан тыс іс-шараларға кейбір сыныптар белсенді қатысты;
- Ата-аналармен жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналардың сынып жиналыстарында барлық сынып жетекшілері ата-аналардың назарын балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, сабақтан тыс уақытта балалардың орналасқан жерін бақылауға, қоғамдық орындарда, көшеде, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігіне, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, заңнаманы сақтамағаны үшін жауапкершілікке аударылды.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбиелік міндеттер:

2024-2025 оқу жылының басына арналған "Білімге ұмтылу, еңбекқорлық және патриотизм "Салтанатты жиыны," Мектеп жарғысы, оқушының мінез-құлық ережелері сынып сағаты. «Жол қозғалысы ережелері» бойынша сынып сағаты. " Жол қозғалысы ережелерін еске түсірейік!", "Даналық, жақсылық және құрмет туралы" сынып сағаты

""Оқуға құштар мектеп" жобасы, Қарттар күні мен мұғалімдер күніне арналған мерекелік концерт " Мұғалім-мамандықтың басымдығы жоқ!", Әдеби шолу

Жеке жоспар бойынша күзгі каникулдарды ұйымдастыру, "Аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек "қайырымдылық акциясы Қазақстан тілдері күніне арналған көрме, "Тілім-менің досым" сынып сағаты, "Үштілді білім беру қажеттілігі"пікірсайыс турнирі "Менің отбасым" сынып сағаты, ата-аналар жиналысы, фоточеллендж, "Менің сүйікті отбасым"бейне челленджі "Жол қозғалысы Ережелері – біздің достарымыз" суреттер байқауы, үйірмелер, секциялар жұмыстары ұйымдастырылды.

Оқушылар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу, "Назар аударыңыз: балалар!", әңгімелер "Жыныстық қол сұғылмаушылық, ерте жүктілік", оқушыларға зиянды әдеттердің алдын алу және жеңу бойынша білім беруді ұйымдастыру. (Темекі шегу, алкоголь, есірткі)

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтар мен зиянды заттарды қолданудың алдын алу және алдын алу мақсатында жұмыстар жүзеге асырылды:

- сынып сағаттары, құқық бұзушылықтың алдын алу, есірткі белсенді заттарды (алкоголь, темекі, есірткі және т.б.) пайдалану бойынша жеке әңгімелер.

- профилактика кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, онда ағымдағы мәселелер, оқушыларды мектепшілік есепке қою мәселелері қаралды;

- оқушылардың бос уақытында, каникул кезеңінде жұмыспен қамтылуын қадағалау, оларды үйірмелер мен спорт секцияларындағы сабақтарға тарту

- сабаққа қатысуды, сабаққа қатыспауды қадағалау.

"Досболайық" апталығы өткізілді, тақырыптық апталыққа суреттер, плакаттар, сынып сағаттары байқауы, психологиялық тренинг, кітап көрмесін безендіру т.б. жұмыстар жүргізілді.

Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері қауіпсіздік техникасы (Электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, күзгі каникул кезіндегі қауіпсіздік, мұздағы қауіпсіздік, көшедегі қауіпсіздік, қоғамдық орындардағы баланың терезеден құлауы, жол қозғалысы ережелерін сақтау)бойынша нұсқаулықтар жүргізді

Тоқсан ішінде сынып жетекшілері мектеп бойынша кезекшілікті жүзеге асырды.

Сынып жетекшілерінің жұмысы

Сынып жетекшілерінің сынып ұжымымен жұмысын талдау және зерделеу барлық сынып ұжымдарының қызметі жалпы мектептік және әлеуметтік маңызды міндеттерді іске асыруға бағытталғанын көрсетті.

- Сынып активін ұйымдастырды
- Профилактикалық жеке әңгімелер жүргізді
- Ата-аналар жиналысын өткізді
- Ата-аналар жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға көмектесті.
- Тақырыптық сынып сағаттарын өткізді
- Барлық сыныптан тыс іс-шараларға белсенді қатысты

Ата-аналармен жұмыс

Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Аз қамтылған және көп балалы отбасылармен профилактикалық әңгімелесу, медицина қызметкері салауатты өмір салтын, жыныстық қол сұғылмаушылықты алдын алу бойынша сөз сөйлеп, мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды. Әлеуметтік педагог мектеп оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру туралы хабарлады және білім алушыларға жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну тетігімен таныстырды, ата-аналардың назарын денсаулықты сақтау және нығайту мақсатында оқушылар үшін ыстық тамақтың қажеттілігіне аударды.

Ата-аналардың сынып жиналыстарында барлық сынып жетекшілері ата-аналардың назарын балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, сабақтан тыс уақытта балалардың орналасқан жерін бақылауға, қоғамдық орындарда, көшеде, өзеннің жанында кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігіне, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, заңнаманы сақтамағаны үшін жауапкершілікке аударды.

Токсан ішінде үйірмелерді, спорт секцияларын ұйымдастыру арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту; мұғалімдердің, оқушылар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық қызметі бойынша жұмыстар жүргізілді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша жұмыстар белсенді жүргізілді, оқушылар "мектепке кітап сыйла" акциясына қатысты, үлкен кезеңде және сабақтан кейін оқушылар сынып жетекшілерімен бірге көркем әдебиетті оқуға уақыт бөлді. "Біз бүкіл Отбасымызбен оқимыз" бейне челленждері өткізілді

Сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізу кезінде оқушылардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге назар аударуы керек. Мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесіп, оқушылармен және отбасылармен құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша жеке профилактикалық жұмыстарға басымдық беруі керек.

Сыныптағы тәрбие процесінің сәттілігі сыныптарда жұмыс істейтін пән мұғалімдерімен ынтымақтастыққа байланысты. Сондықтан сынып жетекшісінің негізгі міндеті-кейбір пәндер бойынша нашар үлгерімі бар проблемалы балаларды оқуға тартуға көмектесу болып табылады.

Тәрбие міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлауды және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану-ғылыми, оқу сауаттылығы), проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдайлар жасау арқылы зияткерлікті байыту;
- 3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

- 4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ және басқа да этностар мен Қазақстанның этностық топтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, шет тілдерін меңгеру;
- 6) ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен жауапкершілігін арттыру, жастарды салауатты отбасы құруға, отбасы институтын нығайтуға саналы қатысуға дайындау;
- 7) отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 8) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту;
- 9) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 10) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;
- 11) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру болып табылады.

Сынып жетекшілерінің, кітапханашының, тәлімгердің және психологтың тәрбие жұмысы мектеп директоры бекіткен жоспар бойынша жүргізілді және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының бақылауында болды. Әр сынып жетекшісі тәрбие жұмысының бірыңғай бағыттары бойынша сынып сағаттары мен тәрбиелік әңгімелер өткізілді.

"Төрт тоқсанға - төрт өнер"

Түркістан облысы, Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде 12 қазан күні "Ақындар айтысы" ұйымдастырылды.

Жобаның мақсаты: қазақстардық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында әлпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Жобаның міндеттері:

1. Өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;
2. Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, оны одан әрі байытуын сақтау және дамыту;
3. Қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын түсіну негізінде білім алушыларды толеранттылыққа тәрбиелеу;
4. Қазақ халқы мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау.

Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты " Ақбастау жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 24.10.2024 жылы мектебімізде 9,10 сыныптар арасында 25 қазан Республика күніне орай "Сөз зергері" дебат клубының оқушылары "Бүгінгі заманның құндылығы неде?" тақырыбында дебат сайысы өткізілді. Дебаттың мақсаты: Оқушыларды отанын сүйуге, адамгершілікке, Қазақстан Республикасының заңын құрметтеуге баулу. Қазақ халқы мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау. Өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Төлеби саябағында Республика күніне арналған Мемлекеттік ту көтеру салтанатты рәсімі өтті.

Мерекелік шара Мемлекеттік Әнұранмен ашылып, халқымыз үшін қашанда ерлік пен елдіктің символы саналған ту көкке көтерілді.

Еліміздің барлық аумағында қазақ елінің көгінде Ұлы даланың айбынын асырған Тәуелсіздік туы желбіреді. Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі, Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Ал, Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні ретінде шырқалды.

«Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің» 2024-2025 жылғы қараша айының жоспарына сай мектепшілік «Қазіргі жастар кітап оқиды ма?» тақырыбында «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық ойын пікірталасы өткізілді. Пікір сайыс мектебіміздің 8-9-10 сынып оқушылары арасында өтті. Ойын өте тартысты және қызықты өтті. Осы жарыста 7 сынып оқушылары өздерінің аргументтерін дұрыс қорғап шығып, қарсылас командалардың қойған сұрақтарына нақты жауап қайтара беріп, осы ойынның жеңімпазы атанды.

«Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің» 2024-2025 жылғы желтоқсан айының жоспарына сай мектепшілік «Көңілді тапқырлар алаңы» жарысы өткізілді. Жарыс ойыны мектебіміздің 8 -9 -10 сынып оқушылары арасында өтті. Ойын өте тартысты және қызықты өтті. Осы жарыста 10 сынып оқушылары өздерінің әзілді ойындарымен 1- орынды иеленді, ал екінші орынды 9- сынып оқушылары иеленсе 3- орынды 8 сынып оқушылары жақсы ойын өрнегін көрсетіп жеңімпаз атанды. Қалған 8,9 сынып оқушылары үздік номинациялармен марапатталды.

2024-2025 жылғы оқу жылында мектебімізде Қосымша білім беру педагогының жоспарына сәйкес «*Спорт жанға дауа*» тақырыбында футболдан спорттық іс-шара ұйымдастырылды. Мектебіміздің 7,8,9,10,11 сыныптар арасында өткізілген бұл жарыста 11- сынып оқушылары жақсы ойын көрсетіп басымдылықпен жеңіске жетті.

«Ақбастау жалпы білім беретін мектебі»

Тақырыбы: Дөңгелек үстел кеші. «Аға болсаң ақыл айт, ақыл айтсаң, мақұл айт»,

«Жақсы аға - орман, жақсы іні-қорған»

«Даналық мектебі» клубы

Күні: қараша

Қатысқандар: 1-11 сынып оқушылары

«Ақбастау жалпы білім беретін мектебі» "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес "Даналық мектебі" клубының жұмысы барысында «Жақсы аға – орман, жақсы іні – қорған» тақырыбында 1-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының әдет- ғұрыпы арқылы ұл бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру, оқушылардың бойындағы туыстық сыйластыққа деген қадір-қасиетті дамыту, адамгершілік көзқарасты қалыптастыру.

Дөңгелек үстел барысында оқушылар өз пікірлерімен бөлісті.

Тақырыбы: «Отбасы-тәрбие бастауы» атты ата-аналар жиналысы

/ мектепшілік жиналыс /

Күні: қараша

Қатысқандар: 1-11 сынып ата - аналары

Күн тәртібіндегі мәселесі бойынша ата –аналармен «Отбасы-тәрбие бастауы» атты ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 1-11 сынып ата - аналары қатысты.

Жиналыстың мақсаты: Бала тәрбиесінде отбасының, ата-ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру, бала бойындағы адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруда отбасы шешуші рол атқаратындығын, сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату қажет екендігі туралы түсінік беру.

Жиналыс барысында 1-11 сынып ата - аналары белсенділік танытып, жиналыстың жақсы өтуіне ықпал жасады.

Тақырыбы: «Ұлттық тәрбие – ұлттық рухтың негізі» (тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен ашық пікірталас)

Күні: қараша

Қатысқандар:8-10 сынып оқушылары

«Ұлттық тәрбие – ұлттық рухтың негізі» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларымен ашық пікірталас ұйымдастырылды.

Ұлттық тәрбие – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығының негізі. Ұлттық тәрбие ұлтты құрметтеуден басталады. Ұлтты құрметтеу – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құрмет көрсету, сақтау екендігін өскелең ұрпақ бойына сіңіру.

Пікірталастың мақсаты: сан ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді сақтай білу керектігін түсіндіру.

«Оян,ар мен адалдық»(«Еңбегі адал жасөрен» жобасы)

/сурет байқауы/ 5-8 сыныптар /

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде«Оян,ар мен адалдық» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 5-8 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: Оқушыларды адалдыққа,қарапайымдылыққа,кішіпейілдікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке баули отырып,жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.Адам бойындағы ұнамды,ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып,үлкендерді сыйлауға, адалдыққа баулу

Тақырыбы:СыбайласЖемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру (*«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы*)/ *кездесу кеші*/

Күні:қараша

Қатысқандар:8-11 сыныптар

«Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде» сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған "Адал ұрпақ" ерікті мектепшілік клубы мүшелерімен кездесу кеші өткізілді. Кеш барысында клуб мүшелері таныстырылып, алда атқарылатын жұмыс жоспарларымен бөлісті.

Мақсат: оқушыларға өмірде ата-анаға, досқа адал бола білсе сол арқылы әр адамның адал ісі мен адамдығы көрінетінін ұғындыру. Келешекте сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, адалдық принципін ұстануға тәрбиелеу.

Аталған кездесу кеші барысында оқушылар көптеген ой-пікірлерін ортаға салып, тақырыпты нәтижелі түйіндеді.

Тақырыбы: «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру (*«Фаламтор қауіпсіздігі» жобасы*)/ *ата-аналар жиналысы*/

Күні:қараша

Қатысқандар:1-11 сынып ата-аналары

«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау бойынша мектебімізде 1-11 сынып ата-аналарына жиналыс болып өтті.Жалпы айтқанда отбасылық дәстүрлер дегеніміз – бұл бір ортадағы барлық жақын және қымбат адамдар ұстанатын әдет-ғұрыптар.

Отбасы тек өмір емес, ортақ бюджет және ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністік екенін ұғыну. Бұл шағын ғаламға тән жайлылық және жан тыныштығы.

Тақырыбы:«Жас Сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі

Күні:қараша

Қатысқандар:1-11 сынып оқушылары

«Жас Сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі болып өтті. Бұл фестивалге мектебіміздің өнерлі оқушылары қатысты. Ән байқауында үміткерлердің орындаушылық шеберлігіне, әннің байқау шартының сәйкестігіне, музыкалық өңдеуі мен ән мәтінінің мазмұндылығына, орындаушылардың сахна мәдениеті мен киім үлгілеріне аса мән берілді.

Бұл шараның мақсаты: Отанның бір бөлшегі, махаббат, құрмет, береке, сүйіспеншілік, тәрбие мен өнегенің бастауы екендігін ұғындыру және өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу, азаматтық сана-сезімін қалыптастыру. Егеменді еліміздің қол жеткізген толымды табыстарын, жеткен жетістіктерін, шыққан биіктерін, қарышты қадамын, заңғар заманын паш ету, тарих тағылымдарын кеңінен насихаттау және өскелең ұрпақты Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

«Өнегелі өмір» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) / эссе жұмысы/ 5-11 сыныптар/

«Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп лигасы» Шахмат, дойбы, стол теннисінен ойындар өткізу

«Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде», «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында үстел үстіндегі ойындар өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға үстел үстіндегі ойындардың негізгі шарттарын түсіндіру арқылы логикалық ойлау қабілетін, ой-өрісін толық дамыту ұқыптылыққа, жылдамдыққа үйрету. Оқушылардың дене бітімін дұрыс қалыптасуын жетілдіру. Оқушыларды ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа, ұлттық рухта саналы тәрбиелеуге бейімдеу.

«Тоғызқұмалақ-day»

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы/ ұлттық ойындар сайысы/

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Тоғызқұмалақ-day» / ұлттық ойындар сайысы ұйымдастырылды.

Тоғыз-құмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын. Қазақи аңыздарға сенетін болсақ, тоғызқұмалақ ойынын қарапайым қойшылар ойлап тапқан. Тоғызқұмалақ тақтасы ретінде олар жерді қазып, арнайы шұңқырлар жасаған. Ал, құмалақтарды дайындау үшін қойлардың құмалағын кептіріп, дәл сондай 162-сін қолданған. Ауызба-ауыз таралып келген аңыздарда тоғызқұмалақ ойыны қойшылар үшін керемет ермек болды.

Әрбір бала – жарық жұлдыз

Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз? Тренинг

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында кезекті тренинг сабағы өткізілді. Сабақ тақырыбы «Әр бала – жарық жұлдыз: оны қалай ашамыз?» деп аталды. Сабаққа мектеп басшысы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен 4-5 сынып оқушыларының ата-аналары қатысты.

Мақсат – ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру.

Аталған тақырып аясында ата-аналарға сұрақтар қойылып, жеке және топтық жұмыстар атқарылды. Бала бойындағы ерекше қабілетке тоқталып, оны дамыту жолындағы игі істер жайында сөз етілді. Ата-аналардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі атқарылған

жұмыс барысында айқын көрініп тұрды.

Тақырыбы: Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер

Бала жүрегіне жол табу/ ата-аналары арасында тренинг

Күні: қараша

Қатысқандар: 5-8 сынып

Ақбастау жалпы білім беретін мектебі КММ-де 5-8 сыныбының ата-аналарына жиналыс-тренинг өтті.

Мақсаты:

1. ата-аналарды педагогикалық қолдау
2. сыныптағы психологиялық ахуалды реттеу
3. оқушы-ата-ана-мұғалім үштігін берік ету
4. сыныптағы регрессивті мінез-құлықтың алдын алу.

Күн тәртібі:

1. Сыныптағы оқушылардың үлгерімі мен тәртібі туралы
2. Пән мұғалімдерінің пікірлері
3. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары
2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі
3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер
4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары
5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты - кешіре білу

Ата-аналарға арнайы жағдаяттық сұрақтар қойылып, психологиялық ойындар ойнатылды. Ата-аналар өздерін мазалаған сұрақтарға жауап алды, ұстаздар тарапынан ұсыныс-тілектер айтылды.

Тақырыбы: Сен жанбасаң лапылдап... Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?/ дөңгелек үстел кеші

Күні: қараша

Қатысқандар: 11 сынып оқушылары

«Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығы» бағдарламасын іске асыру мақсатында Кәсіптік бағдар беруші педагог 11 сынып оқушыларына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мамандық таңдау – өте маңызды мәселе екені сөз етілді.. Себебі, осы таңдау баланың болашақта көптеген жылдар бойы бақытты немесе бақытсыз болатындығы шешіледі. Осы орайда Кәсіптік бағдар беру ата-анадан басталады және ол бала өмірге келген кезден бастап, оның дамуына, мінез-құлқына, қабілеттеріне назар аударып, бақылау арқылы қалыптасады. Кәсіби тұрғыда бағдар бермес бұрын осы нәрселерге мән беру керек.

«Салауатты өмір салтын қолдаймыз!» арнайы емхана қызметкерлерімен кездесу кеші 8-11 сыныптар арасында

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде аудандық және жергілікті емхана мамандары мектеп оқушыларына «Салауатты өмір салтын қолдаймыз!» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында кездесу кеші ұйымдастырылды.

Мақсаты: 1. оқушыларға салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігін, зиянды заттардың зардаптарын білуге, жат әдеттерден аулақ болуға үйрену;

2. ой өрістерін, сана, сезімдерінің, тілдерін, шығармашылықтарын дамыту;

3. адамгершілік пен биік мәдениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген жан – жақты, рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Тақырыбы: «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы) Отбасылық байқау / ұлттық ойындар/

Күні: желтоқсан

Қатысқандар: 5-7 сыныптар

«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында 5-7 отбасылық байқау ұйымдастырылды. Байқауда ұлттық ойын түрлерін жарыстар болды.

Мақсаты: Оқушылар мен ата - аналарға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Оқушыларды және ата - аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Салауаттану - адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Тақырыбы: «Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні» «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметшілермен кездесу

Күні: желтоқсан

Қатысқандар: 7-11 сыныптар оқушылары

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде мемлекеттік қызмет саласында ұзақ жыл еңбек еткен тәжірибелі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдар қызметкерлерімен кездесуі өтті. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің заманауи талаптарға сай болуы, әркім өзінің мамандандырылған заңдарын біліп, халыққа дұрыс түсіндіруі керектігі туралы сөз қозғалды.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметкерлерге оқушылар тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауап қайтарылып, әртүрлі кеңестер берілді.

Тақырыбы: «Қыз –ғұмырдың құпиялары» «Даналық мектебі» жобасы дөңгелек үстел

Күні: желтоқсан

Қатысқандар: 8-11 сынып оқушыларының жеңгелері

«Даналық мектебі» жобасы аясында қыздар ұйымының жетекшісі және «Аналар мектебі» жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Қыз –ғұмырдың құпиялары» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларының жеңгелерінің қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: Әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру. Әдептілікке, сыпайлыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу.

Тақырыбы: «Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Сурет байқауы

Күні: желтоқсан

Қатысқандар: 1-4 сыныптар

Еліміз еркіндік алып, тіліміз өз мәртебесіне ие болып, тәуелсіздігіміз тұғырлы болса, біздің туымыз мәңгілік желбіремек. Осы орайда «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Көк тудың желбірегені» тақырыбында 1-4 сынып оқушылар арасында "Көк тудың желбірегені" суреттер сайысы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Өз елінің өткен тарихын біліп, ата - бабамыз аңсаған, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен келген тәуелсіздіктің, гүлденген Тәуелсіз ел - Қазақстанның болашағы ұрпақ қолында екенін сезіне білуге тәрбиелеу. Балалардың бойына Отансүйгіштік қасиетін сіңіріп, елін, жерін қорғауға баулу.

Тақырыбы: «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Командалық білім сайыстары 1-4 сыныптар

«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»

(«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)

«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында шахмат, дойбы, стол теннисі ойын түрлерінен спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Мақсаты:білімділік, оқушылардың бойындағы мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілікті дамыту, құрметтеуге баулу. Тілге деген қызығушылықты арттыру. Оқушылардың білім деңгейін байқау, дамытушылық: сөйлеу дағдысын дамыту, логикалық ойлау қабілетін жетілдіру, танымдық деңгейін көтеру, тәрбиелік: туған жерінің мәдениетіне, тіліне құрмет сезімін тәрбиелеу.

«Ұлттық рух –тәуелсіздік тірегі» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы

Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі осынау жүрек жарды қуанышқа толы күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті. Қазақстан күннен – күнге өркендеп, гүлденуде. Осы гүлденуге өз үлестерін қосу мақсатында 5-11 сыныптар арасында «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы бойынша «Ұлттық рух –тәуелсіздік тірегі» тақырыбында 5-11 сыныптар патриоттық ән байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: балалардың туған еліне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, ел ішіндегі өнерлі оқушыларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу.

Тақырыбы: «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» /құқықбұзушылықтың алдын алу/кездесу кеші /

Күні: желтоқсан

Қатысқандар:8-11 сыныптар

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажет.

Осындай өзекті мәселе бойынша Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде өткен «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» тақырыбында құқық бұзушылықтың алдын алу атты кездесу жиынында қаралды.

Мақсаты: білім алушыларға қылмыстың – қоғамға қауіпті әрекет, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысы, қылмыстық жауапкершілік, оған қолданылатын жаза түрлері, кінәні жеңілдететін, жауапкершілікті ауырлататын жағдайлар туралы толық түсіндіру, құқықтық сауаттылығын арттыру, салауаттылыққа тәрбиелеп, өз әрекеттеріне баға бере білуге баулу. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Тақырыбы: «Тәуелсіздік- тұғырым!»/мерекелік іс-шара/

Күні: желтоқсан

Қатысқандар: 5-11 сыныптар

Тәуелсіздік- ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздік-ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін тәуелсіздік күші-ең қадірлі күш. Осы орайда 1-11 сыныптар арасында «Тәуелсіздік- тұғырым!» мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мақсаты:

-Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын зұлмат жылдары елінің азаттығын, еркіндігін аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу.

-Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, Желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау.

-Жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

-Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу. Өз елін,жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу.

-Тәуелсіздік бастауы-ызғарлы Желтоқсан оқиғасы екенін жете түсіндіру.

«Үнемі оқитын адам–табысты адам» («Балалар кітапханасы» жобасы)

Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздардың еншісінде екені айтпаса да белгілі. Осы орайда мектебімізде «Балалар кітапханасы» жобасы барысында «Үнемі оқитын адам –табысты адам» тақырыбында 1-4 сыныптарата-ана мен баласынан құралған жұптық сайыс өтті.

Мақсаты: оқушылардың бос уақытында кітап оқуды дәріптеу, кітап пен оқуды адамның рухани өмірінің маңызды факторы ретінде насихаттау, балалар мен жасөспірімдерде ақпарат мәдениетін қалыптастыру, ақпараттық орталық ретінде кітапханаларға назар аударту.

Баланы жастан...

Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?

«Бала жастан.... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?» тақырыбы атты тренинг өтілді. Тренингке 5-8 сынып оқушылары қатысты. Тренинг оқушыларды топқа бөлуден басталып «Ата - ана», «Мектеп», «Бала» топтарына бөлінді. Оқушылар өз ойларындағы құнды пікірлерін айтып ой бөлісті. «Ойлан, жұптас, бірік» әдісі арқылы бүгінгі тренинг тақырыбын оқушылар анықтады. Тренинг

соңында оқушылар өз ойларымен бөлісіп, қызықты өткендігін айтты.

«Бұлақ көрсең, көзін аш»

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту

«Бұлақ көрсең, көзін аш» атты шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған 1 сынып оқушыларының ата –аналарына арналған тренинг сабақ өтілді. Сабаққа ата –аналар толықтай қатысып, бүгінгі тренингтен керемет көңіл –күйге бөленді.

Бүгінгі сабақты ұйымдастырудағы мақсатымыз шығармашыл тұлғаны дамыту, барысында отбасы мен мектептің өзара әрекетінің сабақтастыру.

Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы

жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары

Ата - аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы бойынша «Ақбастау» ЖББ мектебінің 8-11 сынып оқушыларының ата - аналарымен "Құмарлыққа бой алдыру - тәуелсіздік құрдымы" тақырыбында ата-аналармен педагогикалық қолдау көрсету мақсатында тренинг өткізілді. Ата -аналармен тренингтер, қызықты ойындар өткізілді. Сонымен қатар ата-аналарға кеңес беріп, сұрақ қойып кері байланыс жасалып отырды.

Салтанатты жиын және «Адалдық сағаттары»

2024-2025 оқу жылы қыркүйек айының 1 жұлдызы күні Ақбастау жалпы білім беретін мектебі «Мектеп – мейірім мекені» атты білім күніне арналған іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәмідеріне (елтаңба, гимн, ту), мақтаныш және жауапкершілікпен қарауға баулу.

«Адалдық-асыл қасиет», «Адалдық- адамгершілік бастауы »

(Жоба: «Еңбегі адал жас өрен») 1-11 сыныптар

Түркістан облысы, Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сыныптарарасында «Адалдық-асыл қасиет», «Адалдық- адамгершілік бастауы » атты сынып сағаттары өтті.

Іс-шараның мақсаты : оқушылардың бойындағы адалдық құндылықтарды дамытып, адалдық- адамгершілік бастауы екенін түсіндіру. Оқушыларды тәртіпті болуға, мектептің ережесін орындауға бір бірімен дұрыс қарым қатынас жасауға, отбасында ата- ананың тәрбиесін дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.

«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»

(«Еңбекадалжасерен» жобасы)

Ақбастау жалпы орта білім беретін мектебінде «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» атты тақырыпта 1-11 сынып оқушыларының ата – аналарымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелдің мақсаты:

Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.

Міндеттері:

- 1) Шежіренің сырын, мағынасын ашу
- 2) Қан тазалығы ұлт болашағы екеніне назар аудару
- 3) Әулет тарихын білудің мәнін түсіндіру

«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)

Оқушыларға жолда жүру ережелерін насихаттау мақсатында 1-8 сынып оқушылары арасында "Жол белгілерін білесің бе?" танымдық сабағы өтілді.

Мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесін, белгілерін сақтауға үйрету. Бағдаршамның қызметімен таныстыру. Сақтыққа, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Танымдық сабаққа оқушылар белсене қатысып, ойын арқылы жолда жүру ережелерін, белгілерін пысықтады. Сабақ қонағы бағдаршамның қызметін білді, өмірде пайдалануды үйренді

Тақырыбы: "Сіздің балаңыз-жаяу жүргінші"

Күні: қыркүйек айы

Қатысқандар: 1-11 сынып ата-аналары

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде "Сіздің балаңыз-жаяу жүргінші" тақырыбында 1-11 сынып ата-аналар арасында жиналысы өтті.

Мақсаты: ата-аналар көше тәртіп ережелерін балаларына үйрету. Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі ең басты байлық. Сынып жетекшілер ата- аналарға жаяу жүргіншілерге арналған ережемен, тыйым салынған белгілермен және ата-, аналарға арналған ережелермен таныстырды. Жол ережесін әрқашан есте сақтау керек. Жол ережесін жақсы білсек, өзімізді жол апатынан сақтаймыз. Оқушыларды тәртіпті болуға, мектептің ережесін орындауға бір бірімен дұрыс қарым қатынас жасауға, отбасында ата- ананың тәрбиесін дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.

Тақырыбы: «Отбасы және мектеп ынтымақтастығы» атты мектепшілік ата-аналар жиналысын өткізу.

Күні: қыркүйек айы

Қатысқандар: 1-11 сынып ата-аналары

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Отбасы және мектеп ынтымақтастығы» атты мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: білім алушыларға отбасы құндылықтарын дәріптеу, баланың жан-жақты өз елінің, халқының қамын ойлайтын, ата-анасын, жора-жолдасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеумен қатар, ұлттық тәрбиені насихаттау. Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық сезімдерін нығайту. Оқушыларды тәртіпті болуға, мектептің ережесін орындауға бір бірімен дұрыс қарым қатынас жасауға, отбасында ата-ананың тәрбиесін дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.

Сонымен қатар мектептің бала өмірінде алатын орны туралы да насихаттау.

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» түсіндірме жұмыстары

Күні: қыркүйек айы

Қатысқандар: ұжым және оқушылар арасында

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде мектеп ұжымына және оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады.

Тақырыбы: Кәмелетке толмағандар жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау туралы «Рухани қауіпсіз болашағының кепілі» /кездесу кеші/

Күні: қыркүйек айы

Қатысқандар: 8-11 сыныптар

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтардың профилактикасы жасөспірімдермен және оларға қатысты жасалатын қылмыстарды алдын алу мақсатында, Төлеби ауданының прокуроры,

Төлеби аудандық полиция бөлімі, Төлеби аудандық, Әкелер мектебінің төрағасы, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мамандарымен кездесу өтті.

Шара барысында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллинг, жол ережесін сақтау, өзара қарым-қатынас, мектеп формасы, смартфонды қолдану, қауіпсіздік ережелері мен түнгі уақытта жүруге тиым салынатындығы, әлімжеттік, бопсалау, суицидке итермелейтін жағдайларды болдырмау, ата-анасымен келіспеушілік болуы салдарынан үйінен белгісіз бағытқа шығып кету, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мәселелері айтылып, бірқатар ұсыныстар тыңдалды.

Сонымен қатар, оқушылардың қауіпсіздігін нығайту мақсатында орнатылған “SOS дабыл батырмасы” мен бейнебақылау камераларының жұмыс күйі тексерілді.

«Отбасы күні», «Отбасы-бақыт мекені»

"Отбасы күні" мерекесіне орай іс-шаралар жоспары түзіліп, жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда: «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында отбасылық сайыстар, челлендж, сынып сағаттары 1-11 сыныптар арасында өткізілді. Сайысқа ата-аналар мен оқушылар белсенді түрде атсалысты. "Менің отбасым" тақырыбында жоғары сынып оқушылары шығарма байқауына қатысса, бастауыш сынып оқушылары сурет байқауына белсенді түрде қатысты. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде құттықтаулар мен челленджер ұйымдастырылды

«Ұлы даланың – ұлтаралық тілі»

Мектеп оқушылары арасында «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» қазақстан халқының тілдері күніне арналған өзге ұлт өкілдері арасында мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 1-11 сыныптар қатысты.

Мақсаты: Оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүйеге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт — дәстүрі, діні, тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру. Оқушылардың ой — өрісін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту.

Әділ қазылардың шешімімен байқауда өзінің оқу шеберлігімен суырылып шыққан оқушылар жүлделі орындарға ие болды.

«Адал азамат-әділетті Қазақстан»

(*Еңбегі адал жас өрен» жобасы*) дөңгелек үстел

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Адал азамат-әділетті Қазақстан» тақырыбында дөңгелек үстел болды.

Шараның мақсаты: Еліміздің даму стратегиясының маңыздылығын түсіндіру, шара барысында қатысқан мектеп оқушылары еліміздің эконимикасын, әлеуметтік жағдайын көтеруге арналған ең өзекті мәселелер айтылып, өздерінің ой- пікірлерін ортаға салды. Құқық пәнінің мұғалімі А.Рыскельдиев еліміздің өркендеуіне арналған жаңа мүмкіндіктер туралы айтып өтті.

Сонымен қатар, "Тұғыры биік - Қазақстан" атты кітап көрмесін таныстырды.

«Спорт ойындары күні» спорттық акция

Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес аясында «Мектеп спорты апталығы» барысында дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Спорт ойындары күні» тақырыбында спорттық акция 1-11 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Акция барысында "Асық ату", "Тоғызқұмалақ", "Арқан тарту" түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып өткізілді. Жарысқа қатысуда мектеп оқушылары жоғары белсенділік танытты.

«Жасөспірімдер арасында дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, діни экстремизмнің, теріс пиғылды діни ағымдардың алдын алу»

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Жасөспірімдер арасында дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, діни экстремизмнің, теріс пиғылды діни ағымдардың алдын алу» мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында кездесу кеші ұйымдастырылды.

Мақсаты: Экстремизм, терроризм, радикализм терминдеріне түсінік беру, Қазақстан Республикасындағы ланкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жайы жөнінде мағлұмат беру. Оқушыларды БАҚ құралдары мен ғаламтор материалдарын пайдалана отырып, дамыта оқыту. Келер ұрпақ жас өренді өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу.

Отбасы - бақыт бесігі

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде "Отбасы—бақыт бесігі" тақырыбында әр сыныптың ата-аналар кеңесінің төрағалары мен төрайымдары арасында тренинг өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру. Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу.

Тренинг сабақ барысында ата-аналар белсенді болып, өз ойларын ашық айтып, ризашылықтарын білдірді.

Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...

Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі

"Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу!" тақырып бойынша ата-аналар кездесуі ұйымдастырылды.

Мақсаты: ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін мейлінше арттыру, ата-анамен бірлесе отырып, бала тәрбиесіне байланысты мәселелерге көңіл аудару, адамгершілікке, рухани жағынан тәрбиелеу. Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі екенін ата-анаға насихаттау.

Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие тренинг

"Баланың бас ұстазы - ата-анасы. Позитивті тәрбие беру" тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында позитивті ата-ананың ерекшеліктері, жасөспірімдер бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, олардың күшті және жағымды мінез – құлық қасиеттерін дамыту туралы баяндалды.

Тақырып аясында өтілген тренингке ата-аналар белсене қатысып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Соның ішінде жасөспірімдер арасындағы түрлі келеңсіз оқиғалардың орын алуына интернет және әлеуметтік желілердің, ұялы телефондардың зиянды жақтарына тоқталды.

«Қарттарым-асыл қазынам!»

(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)

Жалғызбасты қарияларға көмек көрсету;

/акция/ 8-11 сыныптар

1-қазан Қарттар күніне орай "Қарттарым- асыл қазынам" тақырыбында 8-11 сыныптар арасында акция өткізілді. Акцияның ұйымдастырылуы жалғызбасты қарияларға көмек көрсету.

Ұйымдастырудағы мақсат: оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу және батаның қадірлі де қасиетті дүние екенін сезіндіру.

«Бір отбасы – бір кітап»

Қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл» тақырыбында танымдық сабақ өтілді.

Танымдық сабақтың мақсаты – балаларға қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ерекше орын алатын көп қырлы қаламгер С.Көбеев туралы мәлімет беріп, өмірі мен шығармашылығын үлгі ету.

Мектеп оқушылары «Мектепке шақыру», «Аққу, шортан һәм шаян», «Жетімнің күні» өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Сонымен қатар, «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы аясында видеороликтер мен фотосуреттер әлеуметтік желілерге жарияланды.

Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай 5-8 сыныптар арасында әдеби кеш өтті.

Әдеби кештің мақсаты: оқушылар ақын өмірі мен шығармашылығы туралы білу, ақын бойындағы патриоттық рухта айтылған өлеңдерінің мән мағынасын ашу, оқушылар бойына Отансүйгіштік қасиеттерін сіңіру. Ақынның өмірі мен шығармашылығын слайдтар арқылы түсіндірді. Өлеңдерін жатқа айтқызу арқылы, мағынасын ашты, салыстырды. "Сүйемін", "Сағындым" өлеңдеріне салыстыра отырып талдау жасады. Ақынға хат жолдап жүректен шыққан пікірлерін білдірді. Қорыта келе, "Мен жастарға сенемін" өлеңін тыңдатып, келешектің туын желбірететін өздері екендігін атап кетті.

Тақырыбы: «Ырым-тиым-әдептілік негізі»

Күні: қазан айы

Қатысқандар: 1-11 сыныптар

Даналық мектебі клубының жұмыс жоспарына сай 1-11 сыныптар аралығында "Ырым-тиым әдептілік негізі" атты дөңгелек үстел өткізілді.

Жаңаша форматта жаңа көзқараспен ұмыт қалған дәстүрді қайта жандандырылып, ою-өрнек атаулары аталды. 🌸

Мақсаты: халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелер арқылы берілетін білім мен өнегелі өсиетін жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау. Білім алушыларды тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің негізі саналатын ұлттық әдеп мәселесі, соның ішінде ырымдар мен тыйымдарды кеңінен ашуға мүмкіндік алу.

«Ұстаз! Сіздің алдыңызда»

Мектебімізде ұстаздар күніне арналған «Ұстаз! Сіздің алдыңызда» атты мерекелік іс-шара өтті. Бұл іс-шарада мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары мұғалімдерімізді мерекелерімен құттықтай отыра бишілеріміз мың бұралып би билеп, ақ таңдай әншілеріміз әндерін айтты.

Сонымен қатар білім саласына еңбегі сіңген ардагер ұстаздар мерекелік концертке арнайы шақыртылып, құрмет көрсетілді. Ұйымдастырылған мерекелік іс-шара ұстаздар қауымына жақсы көңіл-күй сыйлады.

Абайдың «Толық адам» ілімі

Мектеп оқушылары арасында Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау барысында 9-11 сынып оқушылары арасында әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларды кітап оқуға тарту, кітапты көп оқитын орта қалыптастыру, оқырмандардың назарын кітапқа аударту, кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру, мәдениетті, парасатты, рухани ойлауы терең, ар - ождан мол еңбекқор ұрпақты тәрбиелеу, кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу, оқырмандарды жаңа кітаптармен және жаңа авторлармен таныстыру. Кітапхананы балалар үшін мейірімді, рухани, ақпараттық, танымдық орталық ету

Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына байланысты 1-11 сынып оқушылары арасында әдеби кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Суреткер - жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру, жазушының азаматтық тұлғасы, туған халқына, оның әдебиеті мен мәдениетіне сіңірген еңбегін оқушылардың өздеріне іздендіре отырып меңгерту; алған білімдерін басқа салаларда ақпарат көзі ретінде қолдана білуге үйрету. Әдеби шығармашылық сипатта жазба жұмыстарын орындай алуға үйрету, оқушылардың өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпал ету, өз ойларын еркін, нақты жеткізе білу қабілетін, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, өз бетімен ізденуге, ой қорытуға дағдыландыру.

«Әкем айтқан нақыл сөз...»

Мектебімізде 5-11 сынып оқушылары және әкелерімен "Әкем айтқан нақыл сөз" атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі әкенің алар орнының маңыздылығын түсіндіру. Мектеп оқушыларының келеңсіз оқиғаларға бой алдырмауларын қалыптастыруда әкелердің жауапкершіліктерін арттыру. Оқушыларды тәртіпті болуға, мектептің ережесін орындауға бір бірімен дұрыс қарым қатынас жасауға, отбасында ата-ананың тәрбиесін дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.

Дөңгелек үстел 3 бөлімнен тұрды.

1- бөлім : "Әке" тақырыбында слайд шоу тамашалау.

2- бөлім: Кел сұхбаттасайық!

3- бөлім : Қорытынды.

Жүргізілген дөңгелек үстел барысында қойылған сұрақтар бойынша өз ойларын ортаға салды. Сонымен бірге бала тәрбиесіндегі отбасындағы әкелердің қамқорлығы, отбасылық міндеттері жайлы негізгі мәселелерді түрлі мысалдар келтіре отырып баяндады.

«Адалдық – атадан қалған мұра»

Сахналық қойылым байқау.

Дүниетанымы дамыған, жан -жақты, білімді де саналы, парасатты тұлға тәрбиелеуде мектеп театрының қосар үлесі мол дей келе «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау мақсатында 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен сахналық қойылым байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты:

- адам бойындағы жағымды жағымсыз қылықтарды ажыратып, оған өз көзқарасын, ойын айтуға үйрету;

- оқушыларды кітап оқуға баулу және тілдік қорын дамыту.

Байқау соңында жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

«Өнегелі өмір» эссежазу байқау

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл толуына орай 8-11 сынып оқушылар арасында «Өнегелі өмір» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді.

Эссе жазу байқаудың мақсаты ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы Ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, ақын, философ-Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығын насихаттап, жастардың рухани танымын кеңейту, сонымен қатар асыл қасиеттері мен ізденімпаздылығын үлгі ету.

«Республика күні!»

мерекелік іс-шара

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде "Республика күнін" мерекелеу жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспары бекітілді. Республика күні – мемлекеттің символын айқындайтын маңызды мереке. Осы орайда 1-11 сыныптар арасында іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды мектеп кезінен бастап Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық және мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға баулу маңызды. Осы себептен мектебімізде оқушы үшін шығармашылық, танымдық, спорттық, мерекелік іс-шараларды өткіздік.

«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»

Тренинг

«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында 1-8 сынып ата-аналарының қатысуымен тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды тазалыққа, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу, болашақ ұрпағымыздың дені сау, рухани дүниесі бай, ғылым-біліммен қаруланған, денсаулық-бірдің емес, мыңның байлығы және баршаға ортақ ең басты байлық екеніне тоқталып, зиянды әдеттердің алдын алу шараларын дәріптеді. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара байланысы маңызды екенін түсіндіру.

«Бес нәрсеге асық бол...»

(«*Жеткіншектің Жеті Жарғысы*») Тренинг

Мектеп оқушылары арасында «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» аясында «Бес нәрсеге асық бол...» ақырыбында тренинг ұйымдасырылды. Тренинг мақсаты - қиыншылықтар мен кедергілерді жеңу үшін, күшті және табанды болуда оқушылардың ерік жігерін шыңдау болатын. Жаман әдеуден бойды аулық ұсап, жақсы мінез-құлық қалыптастыру. Тренинг барысында психолог - өмір арнасы кең ағып жатқан өзен, сол өзенде өз арнамызды тауып ағу біздің басты мақсатымыз екенін, өмір жеңіс пен жеңілістен, сәттілікпен сәтсіздіктен, қуаныш пен қайғыдан және ақ пен қарадан тұратынын өте шебер, тарқатып айтып берді .

«Кідіріс жасап, айналаңа қара.

Өткенді сараптап, келер күнді бағамда»

Кездесу кеші

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде Жергілікті ішкі істер қызметкерлері сабақтан тыс уақытты босқа өткізбей, үйірмелер мен спорттық секцияларға жазылуды алға қойып, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың , аса ауыр қылмыстар және олардың алдын алу мақсатында жоғарғы сынып оқушыларымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында өзекті деген мәселелер қозғалып, алдағы уақытта шешімін табуға өз тараптары жағынан көмек көрсетуге дайын екендіктерін айтты.

«Бабалар салған ізімен...»айтысын өткізу

(«*Төрт тоқсанға төрт шара*») жобасы

/Мектепшілік айтыс/

Түркістан облысы, Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде 12 қазан күні "Ақындар айтысы" ұйымдастырылды.

Жобаның мақсаты: қазақстардық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында әлпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Жобаның міндеттері:

1. Өз Отанынадегенмақтанышсезімін,қазақхалқыныңтарихын, мәдениеті мен дәстүрлерінқұрметтеугетәрбиелеу;
2. Қазақхалқыныңтарихи-мәденимұрасын, оны оданәрібайытуынсақтаужәнедамыту;
3. Қазақдәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынтүсінунегізіндебілімалушылардытолеранттылыққатәрбиелеу;
4. Қазақхалқымәденидәстүрлерініңсабақтастығынсақтау.

«Отбасылық дәстүрлер» («*Ғаламтор қауіпсіздігі*») жобасы) 1-11 сынып дөңгелек үстел

Көнеден келе жатқан сал-дәстүрлер, көнеден бастау алатын сан-қырлы мәдениет, өзіндік игі әдет-ғұрыптар бар. Олардың ішіндегі ең өміршеңі отбасылық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар. Осы орайда ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес "Отбасылық салт-дәстүрлер" тақырыбында 1-11 сынып аралығында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: өз отбасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін, ата-аналарға құрмет сезімін тәрбиелеу, оқушы бойына ұлттық құндылықты дәріптеу арқылы бақыт, мейірім, тәрбие, отбасы, құндылық ұғымдарының таным көкжиегін кеңейту.

«Егеменді елімнің Гимні» 25 қазан

«9 ай-9 іс-шара» жобасы аясында 25-қазан Республика күніне орай «Егеменді елімнің Гимні» Әнұран айту челленджі орындалды. Гимн - ел азаматтарын әлеуметтік- саяси тұрғыда топтастыру үшін негізгі мәнге ие дыбыстық рәміз.

ҚР Президентінің 2006 жылғы 7 қаңтарында Конституциялық заң күші бар Жарлығымен мемлекеттік рәміз – Әнұранның мәтіні мен оны ресми пайдаланудың рет жөні бекітілді. Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов. Әнұранның әуенінен Отанға деген сүйіспеншілік, Атамекенге деген шексіз берілгендік аңғарылса, сөзінен жан – дүниемізді танытар ұлттық қасиетіміз бен бейбіт пейіліміз, досқа ашық құшағымыз, еркіндікке құштар кең көңіліміз жақсы көрініс тапқан.

Туған өлке ақындарының шығармалары
(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Туған өлке ақындарының шығармалары» тақырыбында 5-8 сыныптар арасында байқау өткізілді.

Мақсаты: Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары ардагер ағалар ерлігін, өнегесін үлгі ету. Оқушыларға туған өлке тарихы мен географиялық орны, халқы туралы мәлімет беру. Оқушыларды туған өлкесінің тарихын, мәдени мұраларын, тарихи құжаттарын зерттеуге баулу. Өзіндік әрекет дағдыларын жетілдіріп және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Мен оқыған бір ертегі»

(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)

Байқау / 1-4 сыныптар/

Төлеби ауданы Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде 1-4 сыныптарда “Мен оқыған бір ертегі” атты байқауы өтті.

Мақсаты: Оқушылардың ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту.

Ертегі арқылы адамгершілікке, мейірімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Адам бойындағы жағымды жағымсыз қылықтарды ажыратып, оған өз көзқарасын, ойын айтуға үйрету, оқушыларды кітап оқуға баулу және тілдік қорын дамыту.

«Қыз намысы–ұлт намысы»

(«Ата-аналар мектебі» жобасы) сырласу кеші

8-11 сынып қыздары арасында

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Қыз намысы–ұлт намысы» тақырыбында 8-11 сынып қыздары арасында сыр-сұхбат жүргізілді. Сонымен қатар оқушылар назарына тақырыпқа сай кітап көрмесі қойылды.

Мақсаты: Қыздарға ар-намысын, сұлулығын жоғары қоя біліп, ел алдында абыройлы болуға, қазақ қызы деген атқа лайықты болып, ибалы, инабатты болуға кеңес беру. Сұхбат барысында қыздар өздеріне қажетті кеңестерді бойларына сіңірді.

«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен»

«Бір әкенің тәрбиесін –жүз мектеп те бере алмас», - деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Сол себепті де бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүзеге асыра отырып, оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыра білу маңызды. Осы мақсатта мектебімізде «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында 1-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастырумен іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі әкенің алар орнының маңыздылығын түсіндіру. Бала өміріндегі әкелердің қамқорлығы, отбасылық міндеттері, әкелердің балалардың әл-ауқатына жауапкершілігін арттыру, ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие жайлы түсініктер беру.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың,

зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасындағы даулардың алдын алу.

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қудалаудың алдын алу бойынша 8-9 сынып оқушыларымен кездесу өтті.

Басты мақсат - құқық бұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын сақтау.

Кездесуде оқушыларға құқықбұзушылық әрекеттердің жауапкершілігін, түнгі уақытта заңды өкілдерінің қарауынсыз жүруге тыйым салынатындығы, қауіптілігі түсіндірілді. Кездесу барысында оқушылар полиция инспекторына өз сұрақтарын қойып, шара соңы пікіралмасуға ұласты.

Тақырыбы: «ПрофиТІМЕ» Мамандықтар әлемінде

Күні: қаңтар айы

Қатысқандар: мектеп оқушылары

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде мектеп оқушылары арасында «ПрофиТІМЕ» мамандықтар әлемінде атты тақырыпта кездесу өтті.

Қазіргі таңда заман талабына сай тұлға болып қалыптасып, мақсат – арманыңа жету үлкен өнерді, өмір сүру өнерін меңгеруді қажет етеді. Әрбір адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек. Мамандық – бұл әрбір адамның ертеңгі болашағы екендігі туралы айтылды.

Оқушылармен кездесуге арнайы психолог мамандар шақыртылды. Психолог мамандар оқушыларымызбен мамандықтардың қыр сыры туралы біршама тың мәліметтермен бөлісті. Сонымен қатар біршама тапсырмалар беру, психологиялық ойындар ойнату арқылы оқушыларды бір сергітіп алды.

Сабақ соңында 11-сынып оқушылары өз пікірлерімен бөлісіп, ойларын ортаға салды. Қазіргі таңда өздерін мазалап жүрген мәселелерімен бөлісіп, сабақтың соңы сырлы сұхбатқа ұласты. Жақсы көңіл-күйге, әсерлі әңгімеге толы кездесу кеші болды.

«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Даналық мектеп» жобасы аясында «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»

дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бабалар сөзі — кешегі өткен қариялардан, ғұлама ойшылдар мен шешен-билерден, ақын-жыраулар мен сал-серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы. Еске алып жүр жас ұрпақ, - дегендей бабалар өсиеті, бабалар сөзі әрбір қазақ баласының жүрегінде мәңгілікке сақталады, ешқашан саналы ұрпақтың санасынан өшпейді. Бабалар өсиеті - кешегі өткен қариялардан, ғұлама ойшылдар мен шешен - билерден, ақын - жыраулар мен сал - серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы.

Аталған іс-шараға ауыл ақсақалдары мен әжелер арнайы шақырылып, көнеден келе жатқан салт-дәстүрлерімізбен бөлісті. Үлгі болар іс-шарада бүлдіршіннің тұсауы кесіліп балаларға сыйлық таратылды.

«Отбасылық таланттар»

«Ата-аналар мектебі» жобасы жоспарына сәйкес мектебімізде «Отбасылық таланттар» байқауы болып өтті.

Бағдарламада:

◆ Сәлемдесу

◆ Отбасылық коллаж

◆ Өнерлі өрге жүзер

Өнерлі отбасылар қатысып, бағдарлама бойынша өз өнерлерін ортаға салды.

Байқау соңында отбасылар мектеп директорының Мадақтамасымен марапатталды.

Мақсаты: отбасыдағы бірлікті, ынтымақты нығайту, Ана мен бала арасындағы жылулық пен тәрбиеге зор көңіл бөлуге ықпал ету.

Өнерпаздардың өнерге деген қызығушылық қасиеттерін дамыту.

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)/ асық ату, тоғызқұмалақ, қол күрес, арқан тартыс/сынып аралық спорттық сайыс Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу жолының бірі ұлттық ойындар ойнату. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, жауапкершілік, бір-біріне қол ұшын созу, сезімталдық қасиеттері дамиды. Жас ерекшеліктеріне сай ұлттық ойын түрлерін үйлестіру жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Бүгін мектебімізде «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында сыныптан тыс ұлттық ойындар тізбегі көш бастады.

Мақсаты - ұлттық спортты дамыту арқылы мектеп қызметкерлері арасында достық қарым қатынасты нығайту, танымал және халық спорты ойындарын одан әрі дамыту.

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Сыныптан тыс іс-шара

«Жас ғалымдар» байқауы

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" іске асыру шеңберінде "Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам", "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында мектебіміздің 5-11 сынып жетекшілерінің бастамасымен "Жас ғалымдар" байқауын ұйымдастырып өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың зерттеушілік, ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту, жасөспірімдерді патриоттық тәрбиемен сусындатып, оларды Егемен еліміздің ертеңгі тұтқасы болуға дайындау, педагогтердің инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыру.

Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны

Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?

Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары бойынша «Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай еңсеруге болады» атты 5-8 сынып оқушыларының ата-аналарымен кезекті тренинг өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың интернет-ресурстарды қауіпсіз пайдалану, балалардың ойынға тәуелділігін жеңу дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігінің алдын алу мәселелеріне қызығушылығын арттыру;

- ата-аналардың онлайн ойындардағы қауіпсіздік, балаларды интернет-алаяқтардың қауіп-қатерлерінен қорғау мәселелері туралы түсініктерін кеңейту;

- балаларды компьютерлік ойынға тәуелділіктен қауіпсіз қорғау дағдыларын қалыптастыру.

Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері.

Жасөспірімнің желідегі әрекеті/ ата-аналар кездесу / тренинг

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері.Жасөспірімнің желідегі әрекеті» тақырыбында ата-аналар кездесуі ұйымдастырылды.

Сабақтың мақсаты:

Жасөспірімдерді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Оқушыларға әлеуметтік желіде жақсы мен жаманды айыра білуге үйрету, оқушыларды ұлтшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-аналарды балаларының өз өмірін өз бетігше құруға жеген ұмтылысын қолдауға, дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ынталандыру.

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

Ынтымақтастық, ата-ананың міндеті, құрмет, эмоционалды интеллект, әлеуметтік интеллект, өзін-өзі басқару, шығармашылық.

Жауапкершілік, шығармашылық, жауаптылық, ашықтық, ынтымақтастыққа дайын болу.

Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...

Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа», «Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі» тақырыбында кездесу кеші ұйымдастырылды.

1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі

2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау

3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы

4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары

5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті бойынша талдау жасалды.

Тестілеу жүргізіліп, қорытындыланды.

Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті туралы пайдалы кеңестер берді.

«Мақал–сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде ақпан айының жұмыс жоспарына сәйкес, «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 5-7 сыныптар арасында "Мақал - сөздің азығы, жұмбақ - ойдың қазығы" атты сайыс сабағы ұйымдастырылды.

Мақсаты:

○ Мақал-мәтел мен жұмбақтың – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық екені туралы мағлұмат беру.

○ Білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, мақал- мәтелдерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру.

○ Шешендік өнерге баулу.

Мақал-мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, уақыт өткен сайын мағынасы тереңдеп, құны артып, қымбат қазынаға айналып келеді.

Сонымен қатар, қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі - жұмбақтар. Жұмбақтар заттың өзін айтпай, оның түр-түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ал заттың өз атын жасырып ұстайды. Сондықтан да алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды — жұмбақ дейміз.

Осындай ұлттық құндылықтарымызды бала бойында сіңіру мақсатында танымдық сайысқа кезек берілді.

Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі «Даналық мектеп» жобасы / шеберлік сабағы/

Мектебіміздегі "Даналық мектебі" жобасы аясында ҚББП, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері, ұйымдастырушы-педагог,

тәлімгер"Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі " атты шеберлік сабағын өткізді.

Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттай отырып, зиянды әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін қалыптастырып, спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Кешке ағалары мен оқушылар жиналып, спортпен айналысудың маңыздылығы туралы, спорт жолындағы қызықты сәттері жайында әңгімелеп, түрлі тақырыптардағы жағдаяттарға шешім ойлап тапты. Кеш соңында қорытындыланып ағалардан кері байланыс алып, оқушылар өз ойларын ортаға салды.

«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы) сынып сағаты

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сынып ата-оқушыларымен «Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы) тақырыбында жаңа форматта сынып сағаты болып өтті.

Мақсаты: Әдет — адамның күнбе-күнгі тіршілік қажетіне байланысты қалыптасқан тұрақты мінез, іс-қимыл ерекшелігі. “Ауру қалса да әдет қалмайды” деу, әдеттің тұрақты қажеттілікке айналғанын көрсетеді. Әдеттің ұнамды, ұнамсыз түрлері болады. Жақсы әдет адамның күш-жігерін пайдалы істерге арнауына, уақытын үнемдеп, негізгі ісін тындыруына көмектеседі. Жаман әдетті адам қауымның (отбасының, еңбек ұжымының т.б.) берекесін алып, оғаш қылығымен өзінің де ортадағы қадір-қасиетін төмендетеді. Әдеттің негізгі қалыптасатын кезеңі — балалық шақ. Сонымен қатар ата-ана мен бала арасында дұрыс қарым-қатынас орната білу. Оқушылардың сөзіне берік, ісіне адал болуында ата-ана тәрбиесінің ықпалын ұғындыру.

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық

Сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту

Мектеп психологының бастамасымен мектебіміздің барлық сыныптарында «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту» беру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп кездесу кеші ұйымдастырылды.

Мақсаты: кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге тыйым салынған сайттарға кіруге болмайтындығы туралы мәліметтер беру, зорлық-зомбылық тарататын адамдың абыройын қаралайтын, балаларға зиянды әсер ететін фарнографиялық, букмекерлік ойындардың алдын алу.

Мектептегі «Адал ұрпақ» клубы туралы

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Адал ұрпақ» клубы өз жұмысын жоспарға сай ұйымдастырып, мектепте жүргізіліп жәқан іс-шараларға белсене қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім берумен айналысу үстінде.

Сондай-ақ, «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында пікірталас практикум, «Біздің таңдауымыз заңды мемлекет» дөңгелек үстел, «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет байқауы, «Жемқорлық қоғам дерті - дерттің емі онымен күрес» саяси сағат, «Мәңгілік елдің - адал ұрпақтары» ашық сабақтары өтіледі.

«Құқық және жастар» пікір алмасу, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» іскерлік ойыны ойнатылады. Іскерлік ойынның басты мақсаты: мемлекеттік қызмет көрсету орындарының жұмыстарының маңыздылығы мен тиімділігі туралы мағлұмат беру. Мемлекеттік қызмет көрсетудің қыр - сырын ұғындыру.

Мақсаты: Мектепке сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру және оқушылар арасында әртүрлі іс-шаралар жүргізу.

Міндеттері: Рухани адамгершілік және азаматтық- патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру; Оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру; Оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

«Тарихты білу парызың» «Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)

мектепшілік жас ғалымдар жобасы

«Ақбастау жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Тарихты білу парызын», «Тарихқа Тағзым» тақырыбында 9 сыныптар арасында мектепшілік жас ғалымдар жобасы ұйымдастырылды. XX ғасырдың басында тамаша білім алған, ой-өрісі кең тұңғыш ұлттық үкіметті құрған қазақ халқының патриот саңлақтарының арқасында қазақтың саяси идеясының негізін қалаушылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев сынды Алаш қайраткерлері туралы Н.Лесбек, Л.Кадирова баяндама оқыды. Сонымен қатар осы тақырыпты толықтыру мақсатында 9 сыныптар арасында эссе жазу ұйымдастырылды.

Тақырыбы: «Сен және Заң»

Күні: ақпан айы

Қатысқандар: 10-11 сыныптар

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында 10-11 сынып оқушыларымен «Сен және Заң» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат беру; өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету; құқықтық білімдерін толықтыру. Адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру. Еліміздің Ата заңын және басқа заңдарды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу; патриоттық тәрбие беру.

«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» Б. Момышұлы. Адам заңды білуі керек, бірақ оған бағына ма жоқ па шешуші өзі. Жүретін жолды таңдаушы да өзі.

«Мың алғыс,...» («Балалар кітапханасы» жобасы)

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында тәлімгер, ұйымдастырушы-педагогтың ұйымдастырумен "Мың алғыс" тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді. Іс-шара барысында "Құнды қасиеттерді жинау", "Өз ойыңды білдір" жаттығулары жасалып, "Жаныңда жүр жақсы адам" айдары бойынша бір-біріне май шам арқылы жылы лебіздерін білдірді.

Мақсаты:

-алғыс айту туралы түсінік беру;

-үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту;

-әдептілік, кішіпейілділік, ізгілікке тәрбиелеу.

«Мектептегі мінез-құлық ережелері»

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінде «Жеткіншектің

Жеті жарғысы» жобасына сай «Мектептегі мінез-құлық ережелері» атты кездесу кеші өтті.

Кездесу кешінің мақсаты: мектепке және оның аумағында қауіпсіз жағдайлар, білім алу үшін қолайлы орта қалыптасу және адамның жеке тұлғасына деген сыйластыққа тәрбиелеу, қоғамда мәдени мінез-құлық дағдыларын дамыту. Шара барысында оқушылардың темпераменттерін, адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиынтығын анықтап, «Мен сені жақсы көремін» атты ойын ойнады.

Сабырлылық–асыл қасиет

(«Ата-аналар

мектебі» жобасы) дөңгелек үстел кеші/

Біртұтас тәрбие бағдарламасы "Ата-аналар мектебі" жобасын іске асыру мақсатында 7-8 сыныптарында "Сабырлылық - асыл қасиет" тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: Оқушыларға сабырлылық, ұстамдылық секілді адами қасиеттерді ұғындыра отырып, оның ішкі тыныштығын, құндылығын сезіне білуге әсер ететінін түсіндіру.

Дөңгелек үстел кешіне ата-аналар кеңесінің төрағасы қатысып, сабырлылық - адам бойындағы жақсы мінез, ал мінез - адамның адамшылығын көрсететін «айна». Сол айнаға қарау арқылы адамның мінез-құлқын айыра алатындығын, қандай жағдай болмасын сабырлық сақтаған жөн екенін айтты.

«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап»

«Еңбегі адал жасөрен» жобасын іске асыру мақсатында кәсіптік бағдар беруші педагог 10-11 сынып оқушыларына «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» тақырыбында кездесу кешін өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта заман талабына сай дұрыс мамандық алу үшін бағыт-бағдар беру. Оларды өз пікірін еркін айтуға, басқаның пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, кәсіптік бағдар беру.

«Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту»

(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) мерекелік іс-шара

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында мектеп оқушыларымен «Ізгіліктің бір – ізі - алғыс айту» тақырыбында мерекелік іс-шара өтілді.

Мақсаты: Алғыс айту туралы түсінік беру, үлкен – кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым – қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл күйден арылу, күш – қуат жинау, өзін – өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

Мерекелік іс-шараға мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары өз өнерлерін көрсей. Іс-шараға оқушылары белсене қатысып, концерт соңында бір-біріне деген ыстық лебіздері мен алғыстарын айтты.

Сенім арту - жетістік кепілі

Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек? Тренинг /5-7 сыныптар/, / 1-4 сыныптар

Біртұтас тәрбие саласының ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы бойынша мектебіміздің педагог психолог маманы 5-7 сыныптар, 1-4 сыныптар оқушыларының ата-аналары арасында “Сенім арту - жетістік кепілі” тақырыбында тренинг өткізді.

Мақсаты: балаға жағымды қарым-қатынастарды қолдауды, жағымсыз қатынастарға қарсы тұруды үйрету, ата-аналарға қарым-қатынас түрлері туралы түсінік беру (достық, жасөспірімдер субмәдениетіндегі мінез-құлық, буллинг және т.б.), ата-аналардың оң қарым-қатынасты қолдап, жағымсыз қарым-қатынасты жеңу дағдыларын игеруіне ықпал ету. Ынтымақтастық, ата-ананың міндеті, құрмет, шығармашылық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру.

2025-2026 оқу жылында Ақбастау жалпы білім беретін мектебі бойынша МАД тобы және 11 сынып жинақталымы бар. Онда барлығы 15/ 345 оқушы білім алуда.

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША

Жоспарға негіздеме: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады.

Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге

ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі

ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс;
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

«Ақбастау жалпы білім беретін мектеп» КММ-де «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді.

1 қыркүйек «Білім күні» «Мектебім-мейірім мекенім!» атты салтанатты іс-шара өткізілді. «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаттары өтілді.

- **КҮНДЕЛІКТІ:**

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

- **апта сайын:**

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;

- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.
- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.
- Сынып сағаттарында «Буллингтен қорған!» алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер мен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.
- «Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепшілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.
- «Өмірге салауатты қадам» алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.
- «Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қиратудың, мәдени ескерткіштерді қиратудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.
- «Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізуді қамтиды.
- Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, буллинг, лудомания, вандализм, нашақорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).
- Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:
 - «Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылады.
 - Сонымен қатар жобаны іске асыру «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» экокелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге болады.

- «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (саябақтар, скверлер) тазалау акциясы.

- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрмеңкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрмеңкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынады. «Мамандық әлемі» шарасын өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауы білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарды анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба иелерін анықталады.

- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.

- «Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

- «Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.

- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестиваль, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану ұсынылады.

- «Ананның аялы алақаны» челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.

- «Әншуақ» фестивалі #Әншуақ хэштегімен «ТikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.

- «Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.

- Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашақорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.

- «Ұшқыр ой алаңы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы

мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.

- Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.

- «Smart bala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.

- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық объектілерге бару немесе аталған объектілер туралы материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

- «Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.

- Білім беру ұйымдарына әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.

- «Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккросингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сөресін құру ұсынылады.

- «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.

- Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа 2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

Күтілетін нәтижелері:

Жоспарды дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

ҚР Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5 - тармағына сәйкес "Білім беру ұйымдарында «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі 194-бұйрығы негізінде Мемлекеттік құзырлы органдар мен бірлескен 2025-2026 оқу жылына арналған Түркістан Облысының Білім Басқармасының 02.09.2024 жылғы 1428-хаты мен өңірлік жоспары және Төлеби аудандық білім бөлімінің 03.09.2024 жылғы 1094-хатындағы

білім беру ұйымдарының кешенді жоспарына сәйкестендіріп жасалған АҚБАСТАУ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІнің жалпымектеп біртұтас тәрбие жоспары бойынша оқу жылының басынан бері алуан түрлі тәрбие іс-шаралары өткізіліп келеді.....

Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және орындалуын қадағалау(ДЖК,СЖО) жұмыстары,тәрбие жұмысын ұйымдастыру және «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын іскеасыружолдарын түсіндіру,тәрбие жұмысының нормативтік құқықтық құжаттары (пед.кеңес),тәрбие сағаттарының тиімділігі (ДЖК, СЖО) жұмыстары,дәлелді себепсіз сабақтан қалған оқушылармен жұмыс (СЖО, профилактикалық кеңес),мектеп жарғысының талаптарын сақталуы (Пед.кеңес),сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру (СЖО),әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізуді оқу жылы басынан қолға алдық

Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітіп, Қамқоршылық кеңес отырысының тақырыптарын бекітіп алдық. Нормативтік құжаттармен таныстырылып, негізгі бағыттар анықталды. Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқыға салдық. **«Мектепке жол» акциясының қортындысын жасадық**

Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспорты жасалып,оған

- Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар
- Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар
- Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар
- Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар
- Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар
- Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар
- Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар
- Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар
- Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар
- Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын)
- Жақын және алыс шет ел азаматтығы бар оқушылар
- Қандас отбасыдан шыққан оқушылар еңгізілді

Құқықбұзушылықтың алдын алу (Булинг.Кибербулинг. Зорлық-зомбықтың алдын алу жұмыстары. Ерте жүктіліктің алдын алу, қыздармен жұмыс, ұлдармен жұмыс, салауатты өмір салтын насихаттауда медицина қызметкерімен жұмыс, КТІЖБ, Лудомания, нашақорлықтың алдын алу, жұмыстары бойынша жоспар,кестелер құрылып іс шаралары қолға алынды

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі. «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепте үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» (10 минуттық оқу, 20 минуттық оқу) акцияларын ұйымдастыру қолға алынды (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.)

Мектепшілік ата-аналармен жұмыс, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы, «Даналық мектебі» клубы, «Әкелер мектебі» жобасы жұмыстарының жаңа оқу жылына арналған жоспарлары бойынша жұмыс атқарып келеміз.

Қазіргі таңда арнайы жоспар мен кестеге сай ҚАЗАҚСТАН-МЕНИҢ ОТАНЫМ, "АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ" жобасы аясында "ОТБАСЫ - ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ" челленджі, "ӨНЕГЕЛІ 15 МИНУТ" сұхбаттары, "ЖАНҰЯМ- ҚОРҒАНЫМ, АТА-АНАМ - ТІРЕГІМ" видеороликтер байқауы жалғасуда.....

<https://www.facebook.com/share/1AKomkqo1K/>

<https://www.facebook.com/share/p/1CkQUmHn4t/>

<https://www.facebook.com/share/r/1BhFSjREaN/>

<https://www.facebook.com/share/p/1Cs3uTaH23/>

<https://www.facebook.com/share/p/1FPWrDzbf/>

<https://www.facebook.com/share/r/16pKKBtZyR/>

<https://www.facebook.com/share/v/1F3LugSSo7/>

<https://www.facebook.com/share/v/16Vbbi7UoV/>

<https://www.facebook.com/share/p/1AX8UzBSnq/>

<https://www.facebook.com/share/v/1A2LgNCrt2/>

<https://www.facebook.com/share/v/16WXZdRvyh/>

<https://www.facebook.com/share/p/17e7gGkHZ/>

<https://www.facebook.com/share/p/1DALy9o4LT/>

<https://www.facebook.com/share/p/1KYj5H7S7q/>

<https://www.facebook.com/share/r/14S8is9KXPV/>

<https://www.facebook.com/share/v/17WUTCdLHC/>
<https://www.facebook.com/share/v/16q26pxEnV/>
<https://www.facebook.com/share/p/1BRmyH7kmr/>
<https://www.facebook.com/share/p/19sQcUkJQA/>
<https://www.facebook.com/share/p/1EX6Djp9Pq/>
<https://www.facebook.com/share/v/1SQYg3piH3/>
<https://www.facebook.com/share/p/19xMddwteG/>
<https://www.facebook.com/share/p/16WyEpk1zc/>
<https://www.facebook.com/share/p/17BhZ4Hs1j/>
<https://www.facebook.com/share/p/1CVaW91ZTM/>
<https://www.facebook.com/share/p/17AvRaXpJ6/>
<https://www.facebook.com/share/v/1KKYuVZVfg/>
<https://www.facebook.com/share/p/1BDtajBgGz/>
<https://www.facebook.com/share/p/14NigmgeGED/>
<https://www.facebook.com/share/p/1CjJ2ncaNk/>
<https://www.facebook.com/share/p/1Bf2xV5wUq/>
<https://www.facebook.com/share/p/1F6RzQf8ao/>
<https://www.facebook.com/share/v/1XrEHKykgK/>
<https://www.facebook.com/share/p/17cuFBN7Jv/>
<https://www.facebook.com/share/p/1CqwbJDr2h/>
<https://www.facebook.com/share/p/17Fnkbicii/>
<https://www.facebook.com/share/p/1ADtFtD2aB/>
<https://www.facebook.com/share/p/17Amsby66U/>
<https://www.facebook.com/share/p/17hknNBbgc/>
<https://www.facebook.com/share/p/1BU7RjzYRn/>
<https://www.facebook.com/share/p/1DMLVQWm55/>
<https://www.facebook.com/share/v/1DM59qLWfv/>
<https://www.facebook.com/share/v/1AzvW6DZq6/>
<https://www.facebook.com/share/p/1J1voXf2uj/>
<https://www.facebook.com/share/p/1DMs6rh5DE/>
<https://www.facebook.com/share/p/1D2Su8kWaq/>

<https://www.facebook.com/share/p/1CagM4rwM2/>
<https://www.facebook.com/share/p/1M6f5BnX8Q/>
<https://www.facebook.com/share/v/1CtiN9dVtt/>
<https://www.facebook.com/share/p/17NtMMaHWG/>

12.5. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру(оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

2023-2024 оқу жылында мектептің 10-11 сынып оқушылары жаратылыстану –математикалық,қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылады. Оқу-жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 22-қосымшасына сәйкес үлгілік оқу жоспарына бойынша вариативтік компоненттен жаһандық құзыреттілік курсына 1 сағаттан берілді. Жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалынып бекітілген. Bilimklass.kz электрондық журналына толтырылды.

2024-2025 оқу жылында мектептің 10-11 сынып оқушылары жаратылыстану –математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылады. Оқу-жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 22,85-86-қосымшаларына сәйкес үлгілік оқу жоспары бойынша вариативтік компоненттен жаһандық құзыреттілік курсына 1 сағаттан берілді. Жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалынып бекітілген. Bilimklass.kz электрондық журналына толтырылды.

2025-2026 оқу жылында мектептің 10-11 сынып оқушылары жаратылыстану –математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылады. Оқу-жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 85-86-қосымшасына сәйкес үлгілік оқу жоспары бойынша вариативтік компоненттен жаһандық құзыреттілік курсына 1 сағаттан берілді. Жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалынып бекітілген. Bilimklass.kz электрондық журналына толтырылды.

12.6. ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда жұмыс оқу жоспары бойынша вариативті компонент есебінен

1 сыныпта 1 сағат Математика (таңдау)

2 сыныпта 1 сағат Математика (таңдау)

3 сыныпта 1 сағат Математика (таңдау)

4 сыныпта 1 сағат Математика (таңдау)

4 Б сыныпта 1 сағат Түзету ырғағы, 14 сағат Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету

5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан «Жаһандық құзыреттілікке»;

9-11- сыныптарда 1сағаттан «Жаһандық құзыреттілікке»;

10 - 11сыныптарда 1 сағаттан элективті курсқа берілді.10-сынып - АӘЖТД; 11-сынып – Физика (таңдау),Биодогия (таңдау)

Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда электронды журналда толтырылған.

Ескерту: 2023-2024 оқу жылының Түркістан облысының білім басқармасы Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты

мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу бойынша мониторинг нәтижелері туралы анықтама Төлеби ауданы 19-23 ақпан 2024 жылы вариативтік компоненттен тақырыптар дұрыс берілмегені туралы ескерту жасалды.

2024-2025 оқу жылында бастауыш сыныптарда жұмыс оқу жоспары бойынша вариативті компонент есебінен

1 сыныпта 1 сағат «Сиқырлы математика»; 1 сағат «Спорт ойындары»

2 сыныпта 2 сағат 1. «Көңілді математика»; 2. «Қызықты қазақ тілі»; 1 сағат «Спорт ойындары»

3 сыныпта 1 сағат «Қызықты математика»; 1 сағат «Спорт ойындары»

4 сыныпта 1 сағат «Математика ғажайыптары» 1 сағат «Спорт ойындары»

4 Б сыныпта 1 сағат Түзету ырғағы,12 сағат Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету

5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан «Жаһандық құзыреттілікке»;

9-11- сыныптарда 1сағаттан «Жаһандық құзыреттілікке»;

10 А,Ә - сыныптарда 2 сағаттан элективті курсқа берілді.1. АӘЖТД; 2. «Айналадағы ағылшын».

2 сағаттан элективті курсқа берілді.1. АӘЖТД; 2. «Экоголиялық география».

11-сыныпқа ЖМБ 2 сағаттан элективті курсқа берілді 1.«Математикалық сауаттылық», 2.«Елтану»

Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда электронды журналда толтырылған.

2025-2026 оқу жылында бастауыш сыныптарда жұмыс оқу жоспары бойынша вариативті компонент есебінен

1 сыныпта 1 сағат «Көңілді математика»;

2 сыныпта 2 сағат 1. «Жұмбақтар сандығы»; 2. «Математика және логика»;

3 сыныпта 1 сағат «Математика шыңы»;

4 сыныпта 1 сағат «Математика өмірде»

5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан «Жаһандық құзыреттілікке»;

9-11- сыныптарда 1сағаттан «Жаһандық құзыреттілікке»;

ҚТБ 10 Ә-сыныпта 2 сағаттан элективті курсқа берілді. 1. АӘЖТД; 2. Ағылшын тіліндегі фразалық етістіктері (ағылшын тілі)

ҚГБ 11 Ә- сыныпта 2 сағаттан элективті курсқа берілді. 1. Айналадағы ағылшын (ағылшын тілі) 2. Ұлттық құндылықтар (қазақ әдебиеті)

ЖМБ 10 А-сыныпта 2 сағаттан элективті курсқа берілді.1 Этногеография (география),2. АӘЖТД

ЖМБ 11 А-сыныпқа 2 сағаттан элективті курсқа берілді 1. Математикалық жобалар (математика) 2. Туризм географиясы (география)

Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда электронды журналда толтырылған.

12.7. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы игеру.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. 10-11сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсы дүниетану пәніне 1-3 сыныптарында 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан дүниетану пәніне кіріктіріліп өткізілді.

5-9 сыныптарда 15 сағаттан дене шынықтыру пәніне кіріктіріліп өткізілді.

10-11сыныптарында 12 сағаттан Алғашқы әскери және технологиялық даярлық пәніне кіріктіріліп өткізілді.

2025-2026 оқу жылында да осы тәртіппен өткізілуде.

12.8. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылында "Жолда жүру ережелері" курсы 1-4 сыныптарында 6 сағаттан сынып сағатына кіріктіріліп өткізілді.

5-9 сыныптарында 10 сағаттан сынып сағатына кіріктіріліп өткізілді.

2025-2026 оқу жылында да осы тәртіппен өткізілуде.

12.9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

1) Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғарғы оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер туралы мәліметтер:

2025-2026 оқу жылында мектеп тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтар немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтермен қамтылды.

2025-2026 оқу жылында мектеп толық педагог кадрлармен жасақталған: негізгі штатты педагогтердің саны -50 (ерлер-10 ,әйелдер-40). Оның ішінде әкімшілік қызметкерлер құрамы-5 (директор, директордың орынбасарлары -4), бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы-1, педагог-психолог -1, ұйымдастырушы –педагог- 1, қосымша білім беретін педагог-1, мектеп алды сыныбының тәрбиешісі-1, әлеуметтік педагог-

1, тәлімгер-1, кәсіби бағдар беруші педагог-1,дефектолог-1, бастауыш сынып мұғалімдері-10, пән мұғалімдері-37.Жоғары білімді педагогтар саны-50,үлесі 100% құрайды.Әкімшілік басқару құрамының барлық мүшелерінің жоғары педагогикалық білімі бар.Штат кестесіне сәйкес келеді және бұл қызметкерлердің жалпы санынан 28% құрайды. Жоғары оқу орнынан кейінгі «магистр» академиялық дәрежесі бар мұғалімдер саны - 5,жыл сайын артып келеді.

Барлық педагогтар диплом бойынша мамандығына сәйкес жұмыс істейді,тиісті бейін бойынша сабақ береді.Барлық 52 педагогтың соттылығы жоқ туралы анықтамалары бар, жинақталған.Анықтамалар жаңартылған,жұмысқа қабылдау кезінде әрбір жаңадан келген қызметкерден осы құжат талап етіледі.Мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын уақтылы медициналық тексеруден өтеді. 2025-2026 оқу жылының басында барлық педагогтың жұмысқа рұхсат беретін медициналық кітапшалары бар, барлығы-48(бала күтіміне байланысты декреттік демалыстағы 2 мұғалімді қоса алмағанда)

Мектепте тұрақты ұжым құрылған, орташа жасы- 41 жастағы педагогтерді құрайды.Педагогикалық ұжымның негізгі құрамы –еңбек өтілі бар мамандар.Осы оқу жылында қабылданған педагогтар -бар.Информатика пәнінен. Педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі 100% мектеп қажетті оқу –педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Қазақстан Республикасының Білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі.Педагог қызметкерлердің кадрлық құрамын талдау жөніндегі деректер 7-қосымшада ұсынылған.

Мектеп әкімшілігі құрамында 5 педагог:директор, директор орынбасарлары -4.

Мектеп директоры Алимкулов Берикбай Амантайұлы білім беру ұйымының басшысы ретінде 2024 жылдың 30 шілде №300 бұйрықпен тағайындалған.Жалпы өтілі 23 жыл, осы лауазымда 1 жыл.Білімі жоғары 2004 жылы «денешынықтыру мәдениеті және спорт пәнінің оқытушысы,спорт түрінің жаттықтырушысы» мамандығы бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ бітірген.Пән бойынша біліктілік санаты педагог – сарапшы (№269-П 24.10 2024ж)

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Амирбекова.Эльмира Бегимқызы – 1бірлікте жұмыс істейді. 2018 жылдың 31 мамыр № 53 бұйрықпен тағайындалған. Жалпы жұмыс өтілі 37 жыл, осы лауазымда 8 жыл. Білімі жоғары: 1996 жылы « Бастауышта оқыту педагогикасымен әдістемесі» мамандығы бойынша Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ бітірген. Пән бойынша біліктілік санаты: педагог – зерттеуші №166, 28.08.2020, басшының орынбасары ретінде – екінші санатты басшының орынбасары. №266-п,18.10.2024ж

Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Жусипова Назипа Иниятқызы -1 бірлікте жұмыс істейді. 2019 жылдың 02 қыркүйектің №56/1 бұйрықпен тағайындалған.Жалпы жұмыс өтілі 13 жыл,осы лауазымда 6 жыл.Білімі жоғары: 2006 жылы « Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетін бітірген. Пән бойынша біліктілік санаты: педагог – зерттеуші №338 ,15.11.2024, басшының орынбасары ретінде – үшінші санатты басшының орынбасары.№503,31.08.2023ж

Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары: Тулегенова Гульшахар Балтабайқызы 2019 жылдың 03 желтоқсанның №83 бұйрықпен тағайындалған. Жалпы өтілі 13 жыл, осы лауазымда 5 жыл. Білімі жоғары, 2011 жылы «география пәні мұғалімі» мамандығы бойынша Шымкент университетін бітірген. Пән бойынша біліктілік санаты педагог –модератор (№ 55, 11.06.2025ж), басшының орынбасары ретінде үшінші біліктілік санаты бар (№246-п,31.08.2023ж).

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Базарбеков Серик Болатбекович 2024 жылы 16 ақпанда №23 бұйрықпен тағайындалған. Жалпы өтілі 10 жыл, осы лауазымда 1жыл 8 ай. Білімі жоғары 2015 жылы «математика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. 2022 жылы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Математика педагогика

ғылымдарының магистрі» Пән бойынша біліктілік санаты педагог–сарапшы (№ 352, 13.11.2020 ж) (Педагогтерді аттестаттаудан өткізудің мерзімі ұзартылды .№48 23.05.2025).Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің 06.03.2025 жылғы №20-3-20-7/1724-И хатына сәйкес және Төлеби ауданының білім бөлімінің 27.03.2025 жылғы №566 бұйрығына сәкес «педагог-сарапшы»-«үшінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатына теңестірілді.

2) Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтер (оның ішінде басшылардың үш жылдан бір реттен сиретпей) туралы мәліметтер:

Мектеп педагогтері бес жылда бір реттен сиретпей біліктілік санатының деңгейін аттестаттау ережелері мен шарттарына сәйкес арттырып/растап отырады.

2023-2024 оқу жылында негізгі штаттық кестеге сәйкес 53 педагог бар. Оның 10-педагог-модератор, 10– педагог-сарапшы,12 - педагог-зерттеуші, 1-шебер, 20– педагог. Білікті педагогтардың үлесі жалпы санынан 62% құрайды.

2024-2025 оқу жылының негізгі штаттық кестеге сәйкес 53 педагог бар. Оның 19-педагог-модератор, 7 – педагог-сарапшы, 11- педагог-зерттеуші, 1-шебер, 15– педагог. Білікті педагогтардың үлесі жалпы санынан 71,6% құрайды.

2025-2026 оқу жылында негізгі штаттық кестеге сәйкес 52 педагог бар. Оның 21-педагог-модератор, 7 – педагог-сарапшы, 10- педагог-зерттеуші, 1-шебер, 12– педагог. Білікті педагогтардың үлесі жалпы санынан 76,9% құрайды.

1-жарты жылдығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына (бұдан әрі-Қағидалар) сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген) . 1.Педагогтерді аттестаттаудан өткізу мерзімдері және біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімдері сәуір мен қыркүйек айларының аралығы болып белгіленуіне байланысты төмендегі педагогтердің 2026 жылдың 25 мамырына дейін біліктілік санаттары ұзартылған.Атап айтқанда Базарбеков Серик Болатбекович-педагог-сарапшы, берілген күні 13.11.2020 жыл№352 бұйрық.Ештаева Мейрамкуль-педагог-модератор,берілген күні 25.12.2020 жыл №85 бұйрық.Кошербаева Гулимжан Сансызбаевна –педагог-модератор,берілген күні 25.12.2020 жыл №85 бұйрық.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығына №1 қосымшы және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына қоса бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» 65 тармағы,2 тармақшасына сәйкес Әлеуметтік педагог Мусабаета Алтын 01.11.2022-05.01.2025 жыл аралығында босану және бала күту демалысында болуына байланысты және 26.08.2019-26.08.2024 жыл аралығындағы «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты туралы куәлігінің мерзімі аяқталуына қарай,аттестациядан өту мерзімі 26.08.2026 жылға дейін ұзартылды.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығына №1 қосымшы және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына қоса бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» 66 тармағына сәкес Бастауыш сынып мұғалімі Исахова Сәне зейнеткерлікке кетуіне 1,5 жыл қалуына байланысты,аттестациядан өту мерзімі 10.08.2026 жылығы дейін ұзартылды.

